

УДК 327.7

**Р. С. Елмурзаева,**  
*саясат ғылымдарының докторы,  
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің халықаралық қатынастар  
факультетінің профессоры;*  
**Р. С. Жанбулатова,**  
*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің халықаралық қатынастар  
факультетінің аға оқытушысы;*  
**К. Т. Ибраева,**  
*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің халықаралық қатынастар  
факультетінің аға оқытушысы*

## ЖАҢА ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ШЫҰ-НЫҢ АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ОРНЫ МЕН БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

### Аңдатпа

Бұл мақалада ШЫҰ басымдықтары аясында халықаралық қатынастар мәселелері талданады. Шанхай ынтымақтастық ұйымы ғаламдық және өңірлік қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Авторлар өзгермелі геосаяси болмыс аясында ШЫҰ саясатының жаңа трендтерін белгілеу маңызды деп есептеледі.

*Тірек сөздер: өңірлік ықпалдасу, көп полярлы әлем, қауіпсіздік, БРИКС.*

### Аннотация

В данной статье анализируются проблемы международных отношений в контексте приоритетов ШОС. Шанхайская организация сотрудничества является важным элементом глобальной и региональной систем безопасности. Авторы считают важным обозначить новые тренды политики ШОС в свете изменяющихся геополитических реалий.

*Ключевые слова: региональная интеграция, многополярный мир, безопасность, БРИКС.*

### Abstract

In this article it was given analyses to the international relation issues in the priority context of SOC. The Shanghai organization of cooperation is major element of global and regional security systems. Authors attach importance to the definition of new trends of SOC policy in the light of changing geopolitical realities.

*Key words: regional integration, multipolar world, security, BRICS.*

Қазіргі кезде Шанхай ынтымақтастық ұйымын жаһанды және аймақтық деңгейде жүйенің қалыптасуында маңызды ықпал етуші фактор ретінде нақты қалыптасты деп айтуға болады. Әлемдік жүйенің маңызды бөлігін құрайтын, саяси экономикалық қатынастардың орталығына айналып отырған, сонымен қатар жаһанды геосаясатта жаңа күшке ие болған АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан, Ресей сияқты алпауыттардың мақсаттары мен мүдделерінің күрделі тоғысуында орналасқан Азия Тынық мұхиты аймағының бір бөлігі болып табылатын ШЫҰ-ға қазіргі кезде аса назар аударылып отыр. Көптеген ғалымдардың теориялық ой пікіріне, болжамына сәйкес келмейтін өзгерістер орын алып отырған жағдайда, бұл аймақ ерекше маңызға ие.

Қазіргі халықаралық қатынастарда өзекті болып отырған Ирак, Сирия, Ауғаныстан, Украина т.б. сынды әлемдік мәселелерге қатысты негізгі бағыттар әлемдік алдыңғы қатарлы державалардың сыртқы саясатының күш, қысым құралдарын кеңінен қолдануына ықпал етіп келеді. Бұл жағдайлардың барлығы аймақтық саяси ортаны күрделендіріп, сонымен бірге ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің сыртқы саяси үрдістерін түрлендіре түседі. Жоғарыда айтылғандарға сүйенетін болсақ, жаһанды және аймақтық саяси үрдістердің үндестігінде ШЫҰ-ның бағытын анықтауға талпыну авторларға маңызды болып отыр.

Тарихи тұрғыда айтатын болсақ, алғашында ШЫҰ оған қатысушы мемлекеттер арасындағы шекара мен территориялық және қауіпсіздік мәселелерін шешу мақсатында құрылған болса, қазіргі таңда бұл ұйым жаһанданудың күшеюі мен геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты болып жатқан әлемдік және аймақтық жаңа қауіптер мен қатерлерге тойтарыс беруге тырысатын ұйым ретінде өзін танытып жатыр.

Осы мәселеге қатысты өз ойын Қытай Халық Республикасының Ресейдегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Ли Хуэй білдірді, ол: «Шанхай ынтымақтастық ұйымы өзінің 13 жылдық қызметі барысында аймақта және әлемде тұрақтылық пен бейбітшілікті қорғауда ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің бірігіп дамуындағы нәтижелі механизмге айналды» деді [1].

Қазіргі таңда дәстүрлі және дәстүрлі емес жаңа қауіпсіздікке төнетін қауіптер мен қатерлердің шырмалған шағында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер екі жақты және көп жақты ынтымақтастықты үздіксіз күшейтіп, тереңдетіп отыр. Қазіргі қауіпсіздік мәселелері ішіндегі маңызды болып отырған экономикалық қауіпсіздік мүше мемлекеттердің ортақ мүдделері. Осы ұйым шеңберіндегі қарым-қатынас тек қауіпсіздік мәселелері төңірегінде ғана емес, сонымен қатар экономикалық, гуманитарлық және тағы басқа салаларды қамтуда.

Соңғы жылдары орын алған Астана, Пекін, Душанбе жоғарғы деңгейдегі кездесулерде қабылданған құжаттарда ШЫҰ мемлекеттері стратегиялық диалогты сақтап одан әрі тереңдетуге ниеттерінің бар екені туралы ерекше мән беріліп айтылады. Сонымен қатар, барлық бағыттарда қарқынды дамып жатқан тәжірибелік байланыстар мен гуманитарлық және қоғамдық салалардағы алмасулардың өсуін қамтамасыз ететін және сыртқы саяси саладағы үйлесімді тығыз әрекетті күшейту үшін қазіргі істеп жатқан институттардың тиімділігін арттыру, қажет болған жағдайда үкіметаралық, парламентаралық, ведомствоаралық, аймақаралық екі жақты жаңа механизмдер құрастыру.

Біздің ойымызша, қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың реконфигурациясының басты тренді ол көпполярлы әлемнің қалыптасуы. Әртүрлі экономикалық саяси тартылыс күштерінің аймақтарда орын алуы, әсіресе Азия Тынық мұхиты аймағында осы үрдіс, яғни аймақтық архитектураның қалыптасуы қарқынды болды. ШЫҰ-ның дамуы көпполярлы жаһанды басқару элементтерінің аймақтық деңгейде қалыптасуын дәлелдейді. Әлемдік саясаттағы жаңа аймақтық ойыншы ретіндегі ШЫҰ-ның рөлі оның демографиялық мүмкіндіктерімен (тұрақты мүше ретінде және бақылаушы ретінде ШЫҰ-на кіретін мемлекеттердегі халықтың жалпы саны жер шары тұрғындарының 45 %-ын құрайды), қорғаныс тегеурінімен (Қытай, Ресей, Үндістан және Пәкістан ядролық қару иеленіп, олар ұйымның тұрақты мүшесі немесе бақылаушысы болып отыр), сонымен қатар экономикалық әлеуетімен негізделеді. Егер Қытай мен Ресей БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі екенін ескеретін болсақ, онда халықаралық деңгейде өз саясатын қалыптастыруда аталған ұйымның анықтаушы рөлге ие болу мүмкіндігі бар. Айта кететін жайт, Шанхай ынтымақтастығы ұйымы мүшелері өзінің құрылымдық қажеттілігіне сәйкес ішкі мәселелерді шешуге мән берсе, Қытай мен Ресейдің бұл ұйымға мүше болуы тек қана аймақтық мәселелермен ғана айналысуына мүмкіндік бәрмейді.

ШЫҰ-ның мүше мемлекеттері АТА-да көпжақты құрылымдардың тығыз әріптестігін қолдайды. Олар БҰҰ, ТМД, ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымы (ҰҚКҰ), Еуразия экономикалық одағы (ЕврАзЭҚ), оңтүстік шығыс Азия елдерінің ассоциациясы (АСЕАН), экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) Азия мен Тынық мұхиты аймағына арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиямен (ЭСКАТО), есірткі мен қылмыс жөніндегі БҰҰ Басқармасымен (БҰҰ ЕҚБ), есірткіге бақылау орнату халықаралық комитетімен (ЕБХК), есірткі құралдарын, психотропты құралдарды, олардың прекурсорларын заңсыз айналдырумен күрес жөніндегі орталықазиялық аймақтық ақпараттық үйлестіру орталығымен (ОАААО) басқа да халықаралық құрылымдармен көпжақты тығыз әріптестік орнатуға талпынып отыр. Осындай саясат жүргізу арқасында халықаралық деңгейде ШЫҰ-ның дәрежесі де өсіп отырғанын көреміз. Елші Ли Хуэй бәріне мәлім болып отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымының қосылмау принципін ұстана отырып, басқа мемлекеттерге немесе аймаққа қарсы бағытталған одақ емес екендігін және ашықтық саясатын қолдайтынын айтты [2].

ШЫҰ шындығында, басқа мемлекеттермен, халықаралық аймақтық ұйымдармен барлық формада ынтымақтастық пен байланыс, диалог дамытуға дайын екендігін көрсетеді. Сондай-ақ оның мақсаты мен міндеттерін бөлісетін ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік беретін мемлекеттерді консенсус негізінде жаңа мүше ретінде қабылдай алатынын көрсетіп отыр.

Осылайша, ШЫҰ-ның қазіргі географиялық кеңістігі Еуразия континентінің солтүстік, орталық және шығыс бөлігін алатын, негізін қалаушы алты мемлекеттен (Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан) тұрады. Шанхай аймағының ерекшелігі Еуразия аймағының орталық бөлігін (немесе геосаясаттағы «хартлэнд») қамтып, әлемнің алдыңғы қатарлы державаларының қызығушылығын тудырады.

Сонымен қатар бастапқы құрылуынан бастап, оның бақылаушысы ретінде бес мемлекет шыққаны белгілі, олар – Иран, Пәкістан, Ауғанстан, Моңғолия және Үндістан, үш мемлекет диалог жөніндегі әріптес-мемлекет ретінде таныс, олар – Шри-Ланка, Белоруссия, Түркия. Осылайша, геосаяси жағынан ШЫҰ оның сыртқы шекарасындағы барлық бағыттарда әсіресе оңтүстігіндегі (Оңтүстік Азия, Орта және Таяу Шығыс) және шығыс жағындағы (Тынық мұхиты аймағы) қалыптасқан жағдайларды және оның өрбуін назардан шығармауы тиіс. Себебі осы аймақтардағы оқиғалар аталған ұйым үшін стратегиялық маңызды мәнге ие болып табылады.

Жаһанды және аймақтық үдерістерге сараптама жасасақ, бүгінгі күні әлемде және Азия Тынық мұхиты аймағындағы күштер таралымына тегеурінді ықпал жасайтын мемлекеттер Қытай және АҚШ болып отыр. Экономикалық көшбасшы, интеграциялық жобалардың инициаторы және тегеурінді әскери әлеуетке ие бола отырып, олар негізгі бәсекелесуші күштердің орталығы және жаһанды аймақтық қауіпсіздік олардың саясатына тығыз байланыста екенін көріп отырмыз.

2011 жылдың соңында жарияланған АҚШ-тың «АТА-ға бұрылу» немесе «АТА-ға қайта кірігу» (pivot / rebalancing to Asia-Pacific) саясаты – Транстынықмұхиттық (Transpacific Partnership, ТТР) экономикалық блок шеңберінде әріптестік қалыптастыруға басымдық бағытымен ғана емес, сонымен бірге екі жақты әскери-саяси альянсты күшейту және оның жаңа қалыптасқан жағдайға бейімдеу мен көпжақты институттардың қызметін арттыруға (әсіресе Шығыс Азия саммитте) негізделеді. Осыдан шыға отырып, осы аймаққа АҚШ-тың әскери теңіз күштерінің 60 % қайта қалыптастыратын және аймақтағы америка әскери контингентін күшейтетін жаңа әскери доктринасын ұсынды.

Әскере кететіні, Б.Обаманың президенттігінің екінші мерзімі бірінші мерзіммен салыстырғанда Х.Клинтонның қытайға қарсы риторикасын жаңа мемлекеттік хатшы ҚХР-мен байланысты өзара пайда өкелетін қарым-қатынаспен дамыту керектігін айтқан Дж. Керридің мәлімдемелерімен ауыстырылуымен ерекшеленеді.

«АҚШ-тың Азияға бұрылуы» саясаты негізінде ең ірі экономикасы, технологиясы және әскери әлеуеті бар мемлекеттің осы аймақта әрекет етуі аталған аймаққа әсерін тигізіп, «латенттік сатыдағы» шиеленістердің ушығуына мүмкіндік туғызып отыр.

Ол әсіресе 2012–2013 жылдардағы Оңтүстік Қытай теңізіндегі Қытаймен қайшылықтың күшеюі кезіндегі Филиппин мемлекетінің әрекеттері мысалында анық байқалады. Көптеген сарапшылардың ойынша осы әрекеттердің артында АҚШ болғандығын алға тартады. АҚШ әскери қауіпсіздік жағынан аймақта алдыңғы орынды иеленіп отыр деп айтатын болсақ, экономикалық және технологиялық жағынан АҚШ-пен бәсекелес болып тұрған Жапонияның да соңғы кездері Қытаймен территориялық мәселелері ушығуын байқаймыз.

В. Тереховтың бағалауы бойынша Украинадағы жағдайдың ЕО пен геосаяси және экономикалық байланыстарымен негізделген АҚШ-тың сыртқы саясатына ықпал етуіне қарамастан, Вашингтон өзінің «Азияға бұрылу» стратегиялық саяси бағытын сақтап отыр [3].

Дегенмен, экономикалық, әскери, демографиялық, сыртқы саяси әлеуеті жыл санап өсіп келе жатқаны Қытайдың жаһанды жаңа держава рөлін иеленуге талпынысын күшейтіп отыр. Осылайша, америка-қытай қарым қатынасы түбегейлі өзгеріс бағытына қарай ауысқанын байқаймыз.

Болашақта осы халықаралық қатынастардың жаңа тренді тек аймақтық халықаралық жүйеге ғана соның ішінде ШЫҰ болашағына ғана емес, сонымен бірге жалпы әлемге де үлкен ықпал етеді деп болжам жасауға болады. Полиорталықтанған әлем концепциясын

ШЫҰ шеңберіндегі әріптесі Ресеймен бөлісетін Қытайды ірі және тәуелсіз актор ретінде әлемдік аренадан көру үстіндеміз.

Оның үстіне қарқынды дамып келе жатқан Аймақтық держава Үндістанның да амбициясы үлкен екенін көріп отырмыз. Ол өзін тек аймақтық держава ғана емес сонымен қатар, жаһанды дежава дәрежесіне көтерілуді көздеп отыр. Үндістан 2012 жылдың ақпанында 5000 км. қашықтықтағы Agni-V баллистикалық ракета сынақтан өткізді дейді қытайлық деректерге сүйенген бақ құралдары [4].

Сонымен қатар, Үндістан өзінің 11-ші бесжылдық жоспары шеңберінде 8,2 млрд. АҚШ долл. шетелдік әскери техниканы импорттауға шығаруға ниет білдірген. Бұл жағдай Үндістанның АҚШ, Ресей, Германия, Жапония, Израиль, Австралия сияқты мемлекеттермен ынтымақтастық орнатуын айтады.

Үндістанның ірі қарқынды экономикалық жағынан да дамып келе жатқан мемлекет екенін оның ЖІІ тұрақты өсіп келе жатқандығын дәлелдейді (соңғы жиырма жылдың ішінде шамамен жылына 5-6% өсіп отырғанын байқаймыз). Ф. Лукьяновтың пікірі бойынша 1,2 миллиард тұрғыны бар, ядролық қаруы бар, өзіндік әлеуметтік-саяси философиялық ұстанымы бар, бірнеше стратегиялық маңызға ие аймақтардың тоғысында орналасуы, Орталық Азиялық бағыттағы экономикалық белсенділігін арттырып отырған қарқынды даму үстіндегі мемлекет өзінің саяси көшбасшылығын мойындатуға тырысады [5].

Үндістанның күшейіп, оның әлемнің күштер орталығына айналуға деген талпынысы Қытайдың осы ел перифериясында, сонымен бірге ШЫҰ-на бақылаушы болып отыраған оңтүстіказиялық мемлекеттерді аймақтық үдерістерге белсенді түрде тартуға итермелейді. Осы факторлардан соң яғни, Қытайдың тек Тынық мұхитында ғана емес сонымен қатар Үнді мұхитында да күштерді пайдалана алу мүмкіндігінен кейін Жапония өз кезегінде оған қарама-қарсы «қауіпсіздік ромбысы» (security diamond) идеясын қоюға талпынады. Ол қауіпсіздік ромбысының мүшелері – Австралия, Үндістан, Жапония және АҚШ, яғни «Үнді мұхитынан бастап Тынық мұхитының батыс жағалауына дейінгі теңіз кеңістігін қорғауға арналған» заңның мәртебесін жоғары қоятын, адам құқығын сыйлайтын демократиялық мемлекеттер.

Американдық үкімет сонымен қатар Делимен стратегиялық одақтастық орната отырып Азия Тынық мұхиты аймағындағы Қытайдың «экспансиясын тежеуге» тырысып бағуда. Ал Қытай және оның ШЫҰ-дағы біраз одақтастары бұл әрекеттерді, яғни «демократияның төрттік одағын» – АҚШ, Жапония, Австралия және Үндістанды «шығыстық НАТО» деп таниды [6].

Аймақтағы үдерістерді бақылау уысынан шығарып алмауға тырысқан Жапония мен АҚШ арасындағы қауіпсіздік одағының күшеюі Қытай мен оның ШЫҰ шеңберіндегі әріптестерімен әсіресе Ресеймен қарым-қатынас орнату мәселесіне көңіл аудартады. Бүгінгі таңдағы Қытай мен Ресей арасындағы жақындасудың түпкі негізінде қазіргі қалыптасқан халықаралық тәртіпті қайта қарау керектігі туралы ортақ идея және американдық жаһанды артықшылық жоспарына қарама-қарсы көпполярлы әлем идеясын қоюы.

Қытай мен Ресей қарым-қатынасы ШЫҰ-ның басты құрамдас бөлігі бола тұрса да Пекін мен Мәскеу арасында «жұмсақ» бәсекелестік байқалады. Әрине геосаяси мүдделер қайшылығы өкі ел арасында орын алып отыр. Мысалы, Ресей Үндістан мен Вьетнамға қару жарақ жеткізіп отырса, Қытайдың бұл мемлекеттермен территориялық мәселелерге байланысты қарама-қайшылықтар бар. Қазіргі таңда Ресейге Батыс мемлекеттерге қойған санкциясы есебінен Қытай өз кезегінде энергетикалық мәселелерді өз пайдасына шешуге тырысуын байқаймыз және ол түсінікті де. ШЫҰ-ның көшбасшы мемлекеттері интеграциялық жобаларды қосқанда міндетті түрде орын алуы тиіс келіспеушіліктер мен күрделі сұрақтарға түсінушілікпен қарауға тырысады. Пекіннің Ресей, Қазақстан, Белоруссия мемлекеттері құрған Евразиялық экономикалық одақтың орнауын сырт көзге жақсы қабылдағанымен, дегенмен, Қытайдың алаңдатушылығын тудыратыны сөзсіз, себебі, ШЫҰ шеңберінде еркін сауда зонасын құру туралы ұсынылған жобасының болашағына қатысты алаңдау бар.

2004 жылдан бөрі осындай еркін кеңістікті құру туралы қытайдың ұсынысы ШЫҰ мүше мемлекеттері ортаазиялық елдер тарапынан қолдау таппағаны бізге мәлім.

2012 жылы Қытайдың дайындаған кезекті ұсынысы да алдыңғы ұсыныстардың тағдырын кешті. Көптеген сарапшылардың пікіріне сәйкес Евразиялық интеграцияға қатысты Ресей жоспары Орталық Азия аймақтық интеграциясының Қытайлық стратегиясына сәйкес келмейді. Әзірге ресейлік дипломаттар қытайлық әріптестерін бұндай жобаға байланысты белгілі бір шешімге келу әлі ерте деп көндіріп отыр. Қытай Ресейдің Орталық Азияны экономикалық игеруден артта қалып отырғанын түсіне отырып, Ресейдің аймақтағы саяси көшбасшылығын бейресми мойындай отыра, Орталық Азия бағытында экономикалық белсенділікті күшейте түсуде.

Осылайша, Мәскеу мен Пекин ортасында экономика саласында бәсекелестік туындап, саяси салада бірқатар қайшылықтарға қарамастан өзара келісім орнап отыр. Осында мән беріп кететін жайт, осы екі ел көшбасшылары тарапынан болған екіжақты кездесулер, Қытай-Ресей қарым-қатынасының жағымды өрбуіне жағдай жасайды. Ресей мен Қытай басшылары 2014 жылдың өзінде бірнеше кездесулер өткізді. 2014 жылдың ақпанында ҚХР-ның Төрағасы Си Цзиньпин Сочидегі қысқы олимпиаданың ашылу салтанатында қатысты, ал сол жылдың мамырында Ресей президенті В.В.Путин Қытайға іссапармен барып, Азиядағы өзара әрекеттестік пен сенім шаралары жөніндегі кеңес саммитіне (АӨЭСШК) қатысты. Осы жылдың шілдесінде екі мемлекет басшылары Форталезде (Бразилия) БРИКС-тің алтыншы саммиті барысында кездесті. Осыдан соң Қытай мен Ресей басшыларының кездесулері ШЫҰ саммиті (Душанбе) және Азия Тынық мұхиты экономикалық қауымдастық (АТЭҚ) (Пекин) шөңберінде өтті. Ресей мен Қытай дипломатиялық риторикасы жалпы жағымды нәтижемен аяқталып сол жылы, яғни 2014 жылы мамырда 400 млрд доллар құнына газ тасымалдауы туралы келісімге қол қойылды. Ресей мен Қытай арасындағы қарама-қайшылықты тағы да бір жағдай бәсеңсітеді. Ресей эксперттерінің пікірінше, ол – Орталық Азия қауіпсіздіктің көптеген позициясында – энергетика, Батыспен және Шығыс Азиямен күрделі қарым-қатынас орнатуда, Қытай үшін стратегиялық «тыл» болған және болып қала бермек. Осы аймаққа жаңа нарық шығарылымы мен шикізат көзі және транзиттік «коридор» орны беріліп отыр. ҚХР үшін Орталық Азия рөлі күшейіп келе жатқанымен, осы «тылдық аймақ» Қытай үшін Жаһанды саясатпен салыстырғанда қосалқылық дәрежесіне ие. Ол Қытайдың артта қалған ішкі аймақтары үшін әсіресе, Синьцзян аймағы үшін маңызды болып табылады. Осы жалпы үрдістердің әрекеттерінің нәтижесінде Орталық Азия мемлекеттері Қытайды маңызды альтернативті шикізат шығару нарығы ретінде көрді. Сонымен қатар Мәскеумен, Еуропамен және Вашингтонмен қарым-қатынасында өзінің сыртқы саяси позициясын күшейтудегі нақты құралға ие болды. Осылайша Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан әдетте өлемнің ірі ойыншылары арасындағы туындаған қарама-қайшылықтан пайда табуға тырысады және оларды өз мүдделерінде манипуляциялауға талпынады.

Бірақ қазіргі халықаралық қатынастар жағдайы Орталық Азия мемлекеттерінен өз дамуының векторын таңдауын талап етеді. Заманауи өлем ірі геосаяси блоктардың құрылуына қарай дамып жатыр. Сол себепті, барлық посткеңестік кеңістік үшін интеграция ол әрекет етудің басты талабы яғни, императив болып табылады. Қазіргі заманғы қауіптер мен қатерлерге қарсы тұру үшін мүмкіндіктерді қалыптастыру басты міндет болып табылатын, мемлекеттіліктің жаңа түріне трансформациялануы.

Орталық Азия мемлекеттерінің элиталары ҚХР мүмкіндіктерін ескере отырып, қытайлық векторды маңыздылардың бірі ретінде қарастырады. Ол сыртқы инвестицияларды, кредиттерді алуға, инфрақұрылымдық құрылыстарды жетілдіруге, сауданың дамуына, энергетикалық жобалардың жүзеге асуына мүмкіндік береді. Жөкелеген жағдайда, Қазақстан қытайлық бағытта «қара алтын» бойынша Ресейге бәсекелестік туындатуы мүмкін. Себебі Қазақстанның артық басымдықтары бар, ол – құбырлық тасымалдануда едәуір қысқа транспорттық коридор. Жалпы ШЫҰ шеңберіндегі көпжақты ұжымдасуы мен бәсекелестіктің басты өрі маңызын күшейтіп отырған факторы – Қытайдың энергетикалық ресурстармен қамтамасыз етілуінде Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің бір-бірін өзара толықтырып отыруы. Сонымен бірге Евразиялық экономикалық одақ қарқынды жұмыс бастаған соң жаһанды және аймақтық көшбасшы ретіндегі Пекиннің позициясының күшеюін теріске шығару мүмкін болмайды.

Сонымен, қазіргі жағдайда, әрине, ШЫҰ аймағында жағдайлардың өрбуі қандай болатынын дәл болжап көрсету мүмкін емес. Болжамды күрделендіріп отырған жоғарыда аталған халықаралық қатынастардың басты акторлардың сыртқы саяси трендтердің тұрақтылық деңгейі ғана емес, сонымен қатар ҚХР-ның жаңа әлемдік держава ретіндегі даму бағыты мүмкіндіктерінің әртүрлі болуы. Сонымен қатар ШЫҰ кеңістігіндегі жағдайдың дамуы Ресей мен Қытай қарым-қатынасының сипатына байланысты болады. Сарапшылардың пікірінше, ШЫҰ-ның аймақтағы және әлемдегі рөлі болашақта өседі деп күтілуде. Біздің ойымызша, ШЫҰ мемлекеттерінің интеграциялық әрекеттестігі, халықаралық аренадағы осы ұйымның белсенділігінің артуына жағдай жасап отыр. ШЫҰ-ның қазіргі саясаты көп жағдайда саясат пен қауіпсіздік саласында жүзеге асып, әлемдік деңгейдегі өз мүшелерінің позициясын күшейту мақсатын көздесе, ол өз кезегінде мемлекеттердің аймақ шеңберінен тыс маңызды халықаралық мәселелерді шешуде белсенділігінің артуының кепілі болуы мүмкін.

Ал Шанхай ынтымақтастық ұйымының бағыт-бағдарына келетін болсақ, оның басты мақсаттары ең бірінші экономикалық жобаларды жүзеге асыру мен тиімділікті арттыру және халықаралық-жаһандық үдерістерде біріктіруші құрылым ретінде белсенді қатысу болуы тиіс. Сонымен қатар бақылаушы мемлекеттермен және диалогтық әріптестерімен қарым-қатынасты қарқындатуы керек.

Жалпы Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық қатынастардағы маңызды рөлін оның жаһанда халықаралық қатынастар жүйесінің дамуы мен трансформациясы барысындағы және әлемдік жаңа қауіптердің тереңдеп, күрделеніп отырған жағдайындағы даму икемділігінен көруімізге болады. Сонымен қатар, қазіргі әлемдегі әлі қалыптасып жатқан әлемдік тәртіптің ішінде маңызды саяси экономикалық актор ретінде және аймақ ретінде ерекше орынға ие.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ШОС нацеливается на расширение // Независимая газета. 09.09.2014. <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1410244260>
- 2 Там же // Независимая газета. 09.09.2014. <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1410244260>
- 3 В.Терехов. Геополитическое маневрирование в районе Корейского полуострова // <http://ru.journal-neo.org/2014/04/14/rus-politicheskoe-manevrirovaniye-v-rajone-korejskogo-poluostrova/>
- 4 Ядерные и военные амбиции Индии тревожат соседей // <http://www.militaryparitet.com>.
- 5 Лукьянов Ф. Разборчивая невеста // [http://ussiancouncil.ru/inner/?id\\_4=1447#top](http://ussiancouncil.ru/inner/?id_4=1447#top)
- 6 Володин А. Индийский субконтинент и безопасность для Евразии // [interaffairs.ru/read.php?item=7703](http://interaffairs.ru/read.php?item=7703)

Дата поступления статьи в редакцию 21.04.2015